

# ОҚМУ студенттері тәжірибені шетелден алуда

Болашақта елдің тұтқасын ұстайтын студенттер тек аудиторияда айтылған дәріспен төрт-бес жылда өз мамандығының шебері бола алмасы анық. Олар үшін оқу үрдісінде іс-тәжірибенің маңызы зор. Әр студенттің білімін тәжірибемен ұштастыруға мол мүмкіндік беріп отырған Шымкент қаласындағы **М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті** жалпы 500 мекемемен тығыз іскерлік қарым-қатынас орнатып отыр. Шәкірттерін іс-тәжірибеге тек қана облыс емес республиканың өзге де қалаларына, сондай-ақ, шетел компанияларына жіберіп отырған оқу ордасы биыл «Платонус» бағдарламасын қолға алуда. Бағдарлама бойынша университетте қанша студент қай мекемеге қай уақыт аралығында іс-тәжірибеден өтетіндігі туралы толық ақпараттың барлығы электрондық жүйеге енгізіледі. Яғни, ата-ана немесе кез-келген қолданушы үйде



*студенттерде жерде қалып жатқан жоқ. Жақында ғана университет ректоры, білікті басшы Жұмахан Үшкемпірұлының бастамасымен Шымкент қаласындағы екі бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебімен келісім шарт орнатты. Тағы да биыл Beeline, Altel байланыс компанияларының өкілдері де студенттерімізге «құда түсіп», сауалнама арқылы*

*тәжірибеге барғанда студенттерге өндіріс орындарындағы техникалық жабдықтармен, аппараттармен танысып, игеріп кетулері үшін біраз уақыт кетіп қалады. Ал бірінші курстың студенттеріне тәжірибеден өтуге бір-екі апта ғана уақыт беріледі. Сол себепті, олардың уақыттарын тиімді пайдалану үшін біздің ұстаздар тиісті орындарға барып бір ай соя компанияның жұмысына қанып қайтқан соң студенттерге дәріс береді. Немесе сол компанияның мамандары келіп студенттерге мамандықтарының қыр-сырын үйретіп, қондырғы-аппараттармен тікелей жұмыс жасатып көрсетеді»,* дейді Саят Рахымбайұлы.

Атап кетерлігі, «**Конструкциялық және биохимиялық материалдар инженерлік бейімді аймақтық сынақ зертханасы**», «**Сапа зертханасы**» секілді заманауи оқу базасымен жабдықталған Оңтүстіктегі көп бастаған оқу орны бүгінгі таңда өзге облыстың Назарбаев университеті, Еуразия Ұлттық университеті сияқты жоғары оқу орындарының шәкірттеріне де есігін айқара ашып отыр.

Теория мен іс-тәжірибені



отырып-ақ қажетті мәліметке қол жеткізе алады. «**Аталмыш бағдарламаның бір артықшылығы,**» дейді Іс-тәжірибе және оқу ғылыми өндірістік кешен бөлімінің жетекшісі Саят Ермеков - *біз келісім-шарт жасасқан мекеме тізімінің барлығы жарияланады. Осы тізімді көріп, көптеген кәсіпорындар бізге хабарласып, студенттерімізді қабылдауға өздері ұсыныс жасап отыр. Жалпы, 2013-2014 оқу жылдары университеттен 11 мыңға жуық білімгерлер іс-тәжірибеден өтіп қайтты. Биыл Астана қаласының көптеген мекемелерімен тығыз байланыс орнаттық және Ресейдің Менделеев, Ухталық техникалық университетінде қазіргі таңда 9 студентіміз тәжірибе жинақтауда. Жалпы оқу орнымыздағы барлық студенттерге сұраныс жоғары. Әсіресе, техникалық мамандықтағы шәкірттерді «Қазфосфат», «Қазақстан темір жолы», «ПетроҚазақстан ОйлПродактс», «Қазатомпром», «Южнополиметалл», «Қазақтелеком» секілді отандық алып компаниялар жыл сайын шақыртып, кейбірін уақытша жұмысқа қабылдауда. Педагогикалық саланың құлағынан ұстаған*

*іріктелгендерін тәжірибе жинақтауға шақырды. Шәкірттеріміз әйтеуір барған жерінен мақтау қағазы, алғыс хаттарын арқалап келіп жатады. Студенттердің біразы өзге облыстарға кететіндіктен, олардың жол, талақ шығынын да ұмыт қалдырмаймыз. Тіпті,*



*жақын аудандарға баратындардың шығынын да университет өз мойнына алған»,* - дейді.

Студенттер теорияны жетік білгенімен оны іске асыра алмауы мүмкін. Сондықтан ОҚМУ студенттерге өндіріс орындарының жұмыс барысымен алдын-ала танысуға жағдай жасап отыр. «**Іс-**

қатар алып жүру үшін Қазақстандағы жоғары оқу орындары дуальдық жүйені (студенттер алты ай дәріс тыңдаса, алты ай тәжірибе жинайды) енгізіп жатыр. Республикадағы іргелі оқу орнының бірі саналатын ОҚМУ да алдағы уақытта аталмыш жүйеге көшуге ниет білдіріп отыр.